

«ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ декандар, кафедра меңгерушілері, құрылымдық бөлімшелер басшылары және университеттің бос лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды.

Декандар мен кафедра меңгерушілері:

Факультет деканы:

Экономика және құқық факультеті – 1 бірлік;

Кафедра меңгерушісі:

«География және туризм» кафедрасы – 1 бірлік;

«Математика және математиканы оқыту әдістемесі» кафедрасы – 1 бірлік;

«Химия және химиялық технологиялар» кафедрасы – 1 бірлік;

«Музыка және өнер» кафедрасы – 1 бірлік;

«Экономика және менеджмент» кафедрасы – 1 бірлік;

«Азаматтық-құқықтық пәндер» кафедрасы – 1 бірлік.

Құрылымдық бөлімшелердің басшылары:

Ғылыми кітапхана директоры – 1 бірлік;

Мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы – 1 бірлік;

Жоспарлау-экономика бөлімінің басшысы – 1 бірлік;

Ғылыми-техникалық ақпарат және жобалық қызмет бөлімінің басшысы – 1 бірлік;

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы – 1 бірлік;

Коммерцияландыру офисінің басшысы – 1 бірлік;

Қоғамдық келісімді дамыту институтының директоры – 1 бірлік;

Халықаралық ынтымақтастық және интернационалдандыру офисінің басшысы – 1 бірлік

Жоғарыда көрсетілген лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары Университеттің **atyrau.edu.kz** сайтында орналастырылған «Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАҚ қызметкерлерінің біліктілік сипаттамаларында көрсетілген.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімі ішінде Университеттің HR басқару және дамыту бөліміне қолма-қол ұсынады. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар Университеттің **atyrau.edu.kz** сайтындағы «Хабарландыру» бөлімінде орналастырылған.

Университеттің бірінші басшысының атына өтініш кадрлық қызмет мамандары ұсынған нысанда беріледі. Өтінішке келесі құжаттар қосылады:

- 1) кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы;
- 2) бос лауазым конкурсына қатысушының өмірбаяны, қызметтік тізім, сондай-ақ 3x4 өлшемді 2 фотосурет;
- 3) жеке төлқұжатының көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;
- 4) жоғары немесе ЖОО-дан кейінгі білімі туралы дипломның, сондай-ақ академиялық, ғылыми дәрежесі және/немесе ғылыми атағы (бар болса) жөніндегі дипломдарының көшірмесі мен салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы. Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік оқу орындарынан алған білімі туралы құжаттарының көшірмелеріне осы білімі туралы құжаттарындағы деректердің танылғаны немесе нострификацияланғаны туралы білім беру саласындағы құзіретті органдар берген куәліктің көшірмелері қосылады. Бұл тәртіп шетелдік жоғары оқу орындарының, ғылым орталықтары мен зертханаларының Қазақстан Республикасы азаматтарына - «Болашақ» халықаралық стипендия иелеріне, сондай-ақ халықаралық өзара тану және эквиваленттілік туралы келісімдердің қолданыс аясына кіретіндерге қолданылмайды;
- 5) қайта даярлау және біліктілік арттыру туралы сертификаттарының (бар болса) көшірмелері мен тексеріп қарау үшін түпнұсқалары;
- 6) ғылыми жұмыстары мен өнертабыстарының (бар болса) тізімі;
- 7) нотариустық немесе жұмыс істеген жеріндегі кадрлық қызмет куәландырған еңбек жолын растайтын құжаттың көшірмесі. Егер азамат еңбек етпесе және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша еңбек өтілі талап етілмейтін болса, еңбек жолын растайтын құжаттардың көшірмесі қажет емес.
- 8) денсаулық сақтау ұйымының бастапқы медициналық құжаттамалары нысандарына сәйкес, құжат тапсыру күнінен алты айдан аспаған мерзімде берілген №086/у нысанды денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтамасы (дәрігерлік кәсіби-кеңестік қорытынды) немесе нотариус куәландырған көшірмесі;
- 9) «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес нысанда құжат тапсыру күнінен бір жыл аспаған мерзімде берілген психоневрологиялық ұйым анықтамасы (немесе нотариус куәландырған көшірмесі);
- 10) «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес нысанда құжат тапсыру күнінен бір жыл аспаған мерзімде берілген наркологиялық ұйым анықтамасы (немесе нотариус куәландырған көшірмесі);
- 11) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті беретін тұлғаның қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны туралы есепке алу деректерінің бар болуы немесе жоқтығы туралы анықтама;
- 12) бос штаттық лауазымға ауысқанда атқаратын іс-әрекеттері (дамыту) бағдарламасы жобасын таныстыру (электрондық түрде, 10 слайдтан аспайтын көлемде).

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген Университетте бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан қызметкерлер келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) Университеттің бірінші басшысының атына кадрлық қызмет мамандары ұсынған нысанда берілген өтініш;

2) құжаттарды ұсынған күнге дейін бір айдан аспайтын мерзімде университеттің кадр қызметімен расталған қызметтік тізім;

3) жеке төлқұжатының көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

4) қайта даярлау және біліктілік арттыру туралы сертификаттарының (бар болса) көшірмелері мен тексеріп қарау үшін түпнұсқалары;

5) бос штаттық лауазымға ауысқанда атқаратын іс-әрекеттері (дамыту) бағдарламасы жобасын таныстыру (электрондық түрде, 10 слайдтан аспайтын көлемде).

Университеттің сайтында хабарландыруда көзделген құжаттар тізбесіне сәйкес құжаттар топтамасының толық ұсынылмауы өтінішті қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылады.

Конкурсқа мына тұлғалардың қатысуына жол берілмейді:

- он сегіз жасқа толмаған тұлғалар;

- сот шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған тұлғалар;

- сот шешімімен білім беру ұйымдарында лауазым атқару құқығынан айырылған тұлғалар;

- медициналық ұйымның қорытындысы негізінде лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіретін ауруы бар тұлғалар;

- сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған тұлғалар;

- жұмысқа қабылданған уақытқа дейін заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар тұлғалар.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі. Конкурстың өткізілетін күні мен орны қосымша хабарланады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде «Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАҚ HR басқару және дамыту бөліміне мына мекенжай бойынша ұсыну қажет: Атырау қаласы, Студенттер даңғылы, 1-ғимарат, Бас оқу корпусы, 261-кабинет. Телефон: 8 (7122) 27-63-24 Электрондық пошта: e.nurpeisov@asu.edu.kz